$$A^2 = \sqrt[3]{\frac{a^2}{2} + \frac{a^4 - 64b^3}{4} + \frac{64b^3}{27}} + \sqrt[3]{\frac{a^2}{4} - \frac{a^4 - 64b^3}{4} - \frac{64b^3}{27}} \quad (15)$$

корни характеристического уравнения (15) имеют вид

$$\lambda_{1,2} = \frac{A}{2} \pm \sqrt{\frac{A^2}{4} - \frac{1}{2}(A^2 + \frac{a}{A})}, \quad A > 0 \quad (16)$$

$$\lambda_{3,4} = -\frac{A}{2} \pm \sqrt{\frac{a}{2A} - \frac{A^2}{4}} \quad (17)$$

Так как,

$$\Delta_1 = \frac{A^2}{4} - \frac{1}{2} A^2 + \frac{a}{A} < 0, \text{ то}$$

$$\lambda_{1,2} = \alpha_1 \pm \beta_1 i \quad (18)$$

$$\text{где } \alpha_1 = \frac{A}{2}; \beta_1 = \sqrt{\frac{A^2}{4} - \frac{a}{2A}} \quad (19)$$

Итак, комплексно-сопряженные. Для нахождения двух других корней из (17) предположим:

а) пусть коэффициент вязкости больше коэффициента сопротивления, т.е. $\eta \gg k \quad \frac{a}{2A} > \frac{A^2}{4}$

$$\text{Тогда } \lambda_{3,4} = -\frac{A}{2} \pm \sqrt{\frac{a}{2A} - \frac{A^2}{4}} < 0 \quad (20)$$

Таким образом, при $2 \leq C \leq 3$ общее решение однородной части дифференциального уравнения (11) будет

$$W_0 x = e^{\alpha_1 x} C_1 \cos \beta_1 x + C_2 \sin \beta_1 x + C_3 e^{\lambda_1 x} + C_4 e^{\lambda_2 x} \quad (21)$$

$$\text{где } \alpha_1 = \frac{A}{2}, \quad \beta_1 = \sqrt{\frac{A^2}{4} - \frac{a}{2A}} \quad (22)$$

$$\text{Например, } \alpha_1 = \{0,772; 0,7844; 0,8098; 0,8226\}, \\ \beta_1 = \{1,1151; 1,1541; 1,227; 1,2603\}$$

Следовательно, вместо дифференциального уравнения (11) при тех же граничных условиях можно рассмотреть дифференциальное уравнение модели Б-3 и записать общее решение в виде:

$$W(x) = \frac{qk}{b\eta} \left\{ \frac{1}{\Delta} \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL - \sqrt{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{2}{3} bL} - 1 + \frac{1}{b} e^{-\frac{3}{2} bL} - \right. \\ \left. \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL + \sqrt{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{2}{3} bL} + 1 + \frac{1}{b} \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL - \frac{\sqrt{3}}{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{b}{2} L} e^{-bx} - \right. \\ \left. \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL - \sqrt{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{2}{3} bL} + \right. \\ \left. \frac{1}{b} e^{-\frac{3}{2} bL} + \frac{2}{2} \sqrt{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{b}{2} L} e^{\frac{b}{2} x} \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bx + \right. \\ \left. \frac{\sqrt{3}}{2} \left[\cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL - \sqrt{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL e^{-\frac{3}{2} bL} + 1 + \frac{1}{b} (e^{-\frac{3}{2} bL} + \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL + \right. \right. \\ \left. \left. \frac{\sqrt{3}}{3} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bL) e^{-\frac{b}{2} L} \right] e^{\frac{b}{2} x} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bx - \frac{2}{2} \sqrt{3} e^{\frac{b}{2} x} \sin \frac{\sqrt{3}}{2} bx + b(x - \frac{x^2}{2}) \right\}, \quad (23)$$

$$\text{где } \Delta = 1 + 2e^{-\frac{3}{2} bL} \cos \frac{\sqrt{3}}{2} bL, \quad b=1,31; \quad bL=-0.393 \quad (24)$$

б) Пусть коэффициент вязкости меньше коэффициента сопротивления среды, т.е. $\eta \ll k \quad \frac{a}{2A} < \frac{A^2}{4}$

$$\text{Тогда } \lambda_{3,4} = \alpha_2 \pm \beta_2 i, \quad \alpha_2 = -\frac{A}{2}; \quad \beta_2 = \sqrt{\frac{a}{2A} - \frac{A^2}{4}} > 0$$

Таким образом, при $0,5 \leq C \leq 1,75$ общее решение однородной части дифференциального уравнения (11) будет

$$W_0 x = e^{\alpha_1 x} C_1 \cos \beta_1 x + C_2 \sin \beta_1 x + e^{\alpha_2 x} C_3 \cos \beta_2 x + C_4 \sin \beta_2 x, \\ \alpha_1 = \frac{A}{2}; \quad (25)$$

$$\beta_1 = -\sqrt{\frac{a}{2A} - \frac{A^2}{4}}, \quad \alpha_2 = -\frac{A}{2}; \quad \beta_2 = \sqrt{\frac{a}{2A} - \frac{A^2}{4}} \quad (26)$$

$$\text{Например, } \lambda_{1,2} = \alpha_1 \pm i\beta_1; \quad \lambda_{3,4} = \alpha_2 \pm i\beta_2, \\ \alpha_1 = \{0,7125; 0,7188; 0,734; 0,7479\}, \\ \beta_1 = \{-0,8265; -0,8818; -0,9834; -1,03\}, \\ \alpha_2 = \{-0,7125; 0,7188; -0,7369; -0,7471\}, \\ \beta_2 = \{0,5764; 0,5058; 0,345; 1,03\}.$$

Следовательно, вместо дифференциального уравнения (11) при тех же граничных условиях можно рассмотреть дифференциальное уравнение модели Б-2 и записать общее решение в виде:

$$W(x) = \frac{q_k}{2k\beta} \frac{1}{\Delta} \left[2 \cos 0,4\beta + e^{-0,4\beta} \operatorname{ch}\beta x \cos\beta x + 2 \sin 0,4\beta \operatorname{ch} 0,4\beta \operatorname{sh}\beta x \cos\beta x + 2 \cos 0,4\beta \operatorname{sh} 0,4\beta e^{-\beta x} \cos\beta x + \operatorname{ch} 0,4\beta \sin 0,4\beta - \operatorname{sh} 0,4\beta \cos 0,4\beta \operatorname{sh}\beta x \sin\beta x + 2 \right] \quad (27)$$

где $\Delta = \cos^2 0,4\beta \operatorname{ch}^2 0,4\beta - \sin^2 0,4\beta \operatorname{sh} 0,4\beta \operatorname{ch} 0,4\beta + \sin 0,4\beta + e^{-0,4\beta} \cos^2 0,4\beta \operatorname{sh} 0,4\beta$,

$$\beta = \frac{\sqrt{2}}{2} \quad (28)$$

с) Пусть коэффициент вязкости равен коэффициенту сопротивления среды

$$\eta = k, \frac{q}{2A} = \frac{A^2}{4}, \Delta_1 = 0, \text{ тогда } \lambda_3 = \lambda_4 = -\frac{A}{2} \quad (29)$$

Следовательно, вместо дифференциального уравнения (11) при тех же граничных условиях можно рассмотреть дифференциальное уравнение

$$\frac{d^2 w}{dx^2} + \frac{1}{x} \frac{dw}{dx} + e^{2i\varphi} \left(\frac{d^2 w}{dx^2} + \frac{1}{x} \frac{dw}{dx} + e^{-2i\varphi} \right) w = \frac{q_k^*}{D} \lambda k \left(\frac{R}{L} \right) \frac{h}{R} \frac{5}{2} f(x) \quad (30)$$

Общее решение однородной части дифференциального уравнения (30) представляет собой [5]:

$$W_0(x) = C_1 J_0(x e^{i\varphi}) + C_2 J_0(x e^{-i\varphi}) + C_3 Y_0(x e^{i\varphi}) + C_4 Y_0(x e^{-i\varphi})$$

где J_0 и Y_0 – функции Бесселя первого и второго ряда.

Дифференциальное уравнение Бесселя при нулевом значении параметра имеет вид:

$$\frac{d^2 W}{dx^2} + \frac{1}{x} \frac{dW}{dx} + W = 0, \text{ а в общем виде}$$

$$x^2 \frac{d^2 W}{dx^2} + x \frac{dW}{dx} + (x^2 - p^2)W = 0$$

$$J_{\frac{1}{2}}(x) = \frac{2}{\pi x} \sin x, \quad J_{-\frac{1}{2}}(x) = \frac{2}{\pi x} \cos x, \quad J_n(x) = \sum_{v=0}^{\infty} \frac{(-1)^v}{v! (n+v)!} \left(\frac{x}{2}\right)^{n+2v}$$

функция Бесселя первого рода n -го порядка.

$K_n(x) = J_n(x) \ln x + x^{-n} \sum_{k=0}^{\infty} b_k x^{2k-n}$ – функция Бесселя второго рода n -го порядка.

$$J_0(x e^{i\varphi}) = 1 - \frac{x^2}{2^2} e^{i\varphi} + \frac{x^4}{2^2 4^2} e^{4i\varphi} - \frac{x^6}{2^2 4^2 6^2} e^{6i\varphi} + \dots$$

Значение φ меняется в интервале $\frac{1}{4}\pi \leq \varphi \leq \frac{1}{2}\pi$ в области упрочнения, при

$$C = \frac{\eta}{k^3 D} = \frac{1}{D/\eta} = \frac{1}{D/k}, \quad C > 3 \text{ и } \lambda^4 + \frac{k}{D} \lambda + 1 = 0.$$

Уравнения (23)-(24); (27)-(28) решены при данных случаях I-II для примера.




Рис. 1. Характер деформации площади контакта при пластическом деформировании, когда $0,5 \leq C \leq 1,75$




Рис. 2. Характер деформации площади контакта при пластическом деформировании, когда $2,0 \leq C \leq 3,0$




Рис. 3. Характер деформации площади контакта при использовании функции Томпсона-Динника




Рис. 4. Характер деформации площади контакта при пластическом деформировании, когда $C > 3,0$




Рис.5. Возможное разрушение материала площади контакта при ударном импульсе




Рис. 6. Возможные линии микротрещин материала площади контакта

*Таким образом, можно сделать **выводы:***

1. На рисунках 1-4 приведены показатели характера деформации площади контакта при пластическом деформировании в случаях $0,5 \leq C \leq 1,75$, $2,0 \leq C \leq 3,0$, $3,0 \leq C \leq 4,0$ и при использовании функции Томсона-Динника.

2. Существенное влияние на величину прогиба оказывает анизотропия материала. $N_j(\rho)$ и $Q_j(\rho, t)$ и степень податливости площади контакта при относительном удлинении и сдвиге деформации.

3. Движение материала площади контакта представляет собой механизм в виде приведенного момента инерции наименьшего радиуса поперечного сечения конусоидальной формы площади контакта.

4. Невозможно избежать разницы деформации в местах контакта ударного импульса и мишени при сдвиговом деформировании площади контакта.

5. Существенное влияние на величину прогиба оказывают граничные условия закрепления конструкции, если не рассматриваем скорость движения пластической деформации за пределом периферии площади контакта.

6. На рисунках 5-6 приведены линии возможных микротрещин материала площади контакта, и некое возможное разрушение вызывает ударный импульс в зависимости от коэффициента динамической вязкости.

Литература:

1. Божанов Е.Т., Ержанов Ж.С. Исследование проблем устойчивости упругих тел, гибких пластин и оболочек их приложения. – Алматы, 2001. – 300 с.
2. Божанов Е.Т., Отарбаев Ж.О., Буганова С.Н. Математическое моделирование геомеханических процессов. – Алматы, 2015. – 145 с.
3. Цейтлин А.И., Кусаинов А.А. Методы учета внутреннего трения в динамических расчетах конструкций. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1987. – 236 с.
4. Рахимбекова З.М. Нелинейные стержневые системы за пределом упругости. – Алматы: Эверо, 2002. – 224 с.
5. Соколов С.Н. Круглая пластинка на обобщенном упругом основании // Инж. сборник. – Т. 11. – М., 1952.– С. 82-86.

УДК 97/03

Алматы қаласы, Санкт-Петербург кәсіподақтар гуманитарлық университеті
Алматы филиалының білім беретін пәндер кафедрасының доценті

Крюкова Г.В., аға оқытушылары **Парфисенко Н.А.**, **Зиновьева Л.В.**

Жакупова Ә.Ө., ҚазБСҚА профессор ассистенті

ОЙЫННЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ РӨЛІ

Ойын – ежелгі мәдени-тарихи феномен. Ойын ұғымы көне заман философтарының еңбектерінде-ақ кездеседі. Ойын – адамзат мәдениетінің асыл қазынасы. Ойын – психологтар, философтар, мәдениет тарихшылары, антропологтар, педагогтар, сонымен қатар, дене тәрбиесінің теоретиктері мен практиктерінің зерттеу пәні болып қалыптасуы табиғи құбылыс.

Түйін сөздер: ойындар, оқыту, тәжірибе алмасу, дағдылар, тәрбие, білім.

Игра – древнейший культурно-исторический феномен. Понятие игры встречается уже в трудах античных философов. Игры являются сокровищницей человеческой культуры. Естественно, что игра становится предметом исследования психологов, философов, историков культуры, антропологов, педагогов, в том числе теоретиков и практиков физической культуры.

Ключевые слова: игра, обучение, передача опыта, навыки, образование, воспитание.

A game is an ancient cultural and historical phenomenon. The concept of a game could already be found in the writings of ancient philosophers. Games are the treasure house of human culture. Naturally, the concept of a game becomes

a subject of research for psychologists, philosophers, cultural historians, anthropologists, educators, including theorists and practitioners of physical culture.

Keywords: *game, training, transfer of experience, education, physical education.*

Ойын – ежелгі мәдени-тарихи феномен. Ойын ұғымы көне заман философияларының еңбектерінде-ақ кездеседі. Оның түрлері сансыз көп және ғылым, өнер мен техниканың әр түрлі салаларында зерттеледі. Ойындар адамзат мәдениетінің қазынасы болып табылады. Олар алуан түрлі болып келеді, адамдардың материалдық және рухани шығармашылығын қамтып көрсетеді. Ойын психологтар, философтар, педагогтар, экономистер, мәдениет тарихшылары, антропологтар, теологтар, әдебиетшілер және т.б. зерттеу пәні болып қалыптасуы табиғи құбылыс.

Бүгінгі күні «ойын» ұғымы гуманитарлық және гуманитарлық емес ғылымдардың тарапынан қызығушылық туғыза отырып, тіршілік пен мәдениеттің әр түрлі салаларында кеңейіп, көбірек тараған.

Ойынның әр түрлі анықтамасы бар: ойын – адамның жаңа ортаға тезірек бейімделуіне мүмкіндік береді, ол жарыс түрінде, не қандай да бір жағдай, мақсат, күйдің көрінісі түрінде өрбиді; белгілі ережелер, тәсілдер жиынтығымен қамтамасыз етілген және спорттың бір түрі болып табылатын, бос уақытқа, ойын-сауыққа арналған іс; магия, діни жосық, спорт, әскери және басқа жаттығулармен үндесетін адамзат тарихындағы жалғаспалы қызмет түрі.

Қазақ халқының ұлттық қимылды ойындары халық данышпандары жасаған, практикада сыналған және ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілген бай тәрбие құралы болып саналады. Осындай сипаты жағынан алуан түрлі ойындар арасында балалар мен жасөспірімдерді дене тәрбиесіне, сондай-ақ ақыл-ой тәрбиесіне (танымдық ойындар), эстетикалық (музыка, би және басқа ойындар), еңбек (заттық-еңбек ойындары) және басқа сапаларын дамытуға мүмкіндік туғызатындары көптеп кездеседі.

Балалар бүкіл даму кезеңінде адамзат қоғамының ерекше қамқорлығында болады. Қамқорлық тәрбиеден басталады, ірі педагогтар, ғалымдар мен ілгерішіл қоғам қайраткерлері ойынды халық тәрбиесі үшін өте пайдалы деп санайды. Балалардың ойын қызметінде өте маңызды екі фактор әділ үйлеседі: біріншіден, балалар практикалық қызметке қосылады, денесі дамып, өздігімен ойлауға және әрекет етуге үйренеді; екіншіден, осы қызметтен моральдық және эстетикалық қанағаттанды, қоршаған ортаны танып-біледі. Осының барлығы ең соңында толық тұлғаның тәрбиесіне мүмкіндік туғызады.

Ойындар тәрбие мен оқытудың маңызды жақтарынан тұрады. Ойын алдымен саналы қызмет ретінде пайда болды, адамдар ойынды өз мақсатына пайдалануды үйренді. Бастапқыда ойын тек еңбек немесе тұрмыстық әрекеттерді бейнелеп көрсетті. Қимылды ойындардың бастапқы қалыптасу кезеңі

терімшілдік пен аңшылықты боямалайтын еліктеу әрекеттерімен сипатталды (адамзат қызметінің ежелгі түрлері сияқты). Қоғамның дамуымен бұл әрекеттерді басқа, неғұрлым талап етілетін түрде жүзеге асыру қажеттілігі пайда болды.

Адам ойынды ойлап тауып, алдына белгілі мақсат қойды. Бұл мақсат еңбекке дайындау болды. Мұнда ойын баланың өздік танымдық әрекеті ретінде қызмет атқарды. Еңбекке үнемі дайындықты балалар ғана емес, сонымен қатар, үлкендер де қажет етті, өйткені, адам дайындығының деңгейі мен сапасына жаңа да, жауапты талаптар қойылып, олардың еңбек қызметі күрделене түсті [1]. Ойын адаммен қосақталып жүрді, өмір бойы оның тұрақты серігі болды. Ойыншылар арасында ептілік, жылдамдық, дәлдік, күш, қозғалыс реакциясы мен ойлау үдерістерінің шапшаңдығын дамыту мәселелерін шешетін аңшылар, ұрма доп, шілік сияқты ойындар көп тарады. Балалар шұғылданатын мұндай дене жаттығулары мен ойындары ежелгі тас ғасыры кезеңінде де болған.

Жаңа тас ғасыры кезеңінде рулық аналар қауымы даму алды. Дене жаттығулары маңызды тәрбие құралына айналды. Мұнымен дене дамуы саласында өз мүшелеріне жоғары талап қоятын рулық қауымның бүкіл ұжымы айналысты.

Адамдардың еңбек қызметінің әр түрлі түрлерін жыныстық белгілеріне қарай бір мезгілде қамтамасыз ету дене тәрбиесі үдерісін саралай түседі.

Жоғарыда айтылғандар Орта Азия және Қазақстан халықтарының ежелгі тіршілік ету кезеңінде дәлелденеді [2]. Осы кезең туралы айта отырып, этнограф К.Л. Задыхина, ұлдардың, сондай-ақ қыздардың ойыны еңбекті жынысына қарай бөлу жүйесіндегі олардың болашақ жағдайын анықтайтын ерекшелікке ие деп жазады. Сондықтан балалардың дене және ақыл-ой қабілетін дамытатын жарыс ойындары кең тарады. Олардың ішінде кең тарағаны әуе таяқ, қамалды қорғау, кіндік сандық. Қыздарға сақина салу, алты бақан, бестас сияқты ойындар ұсынылды.

Жасына қарай бөлінетін топтың бірінен екіншісіне көшу ептілік, батылдық, табандылыққа қойылатын белгілі талаптарды орындауға және оларды қоршаған ортаның табиғи жағдайында қолдану шеберлігіне байланысты болғандығын тарихи мәліметтер растайды. Бұл сынақтардың барлығы қоғамдық және тәрбиелік сипатта болды, өйткені олар балалар, жасөспірімдер мен жастарды дайындауға және олардың жас ерекшелігіне сәйкес нағыз және толық құқықты адамдар қоғамына енгізуге бағытталған.

Дене тәрбиесінің екпінді даму үдерісі екі арнаға бөлінеді: тікелей практикалық, пайдалы қызмет және адамдардың рухани қажеттілігі қарқынды көрінетін ойын қызметі. Ойын шығармашылығының одан әрі дамуы оны бай және пішіні жағынан әртүрлі етеді.

Бұл кезеңде ойнауға арналған арнайы сүйектер – асықтарды қолданатын дене жаттығулары кең тараған. Және де Памирде ежелгі қабірлерге қазба

жұмыстарын жүргізу кезінде ойын сүйектері тек ер адамдар жерленген орындардан табылған. Бұл асықтар ептілік пен батылдық сияқты қасиеттерге баулып, балалар мен жасөспірімдердің қимылды ойындарында пайдаланылған. Сондай-ақ жаяу көкпар сияқты ойындар даму алды. Бұл жарыс, кейіннен бәйге, шабандоздық және басқа атпен жүрудің басқа түрлерін білдіретін ұлттық ойын – көкпарға айналды.

Орта Азия және Қазақстан халықтарының баланың дене тәрбиесі туралы арғы аталардың көне жазба естеліктері ежелгі грек авторларының шығармаларында кездеседі. Осындай дене тәрбиесі мен дене дайындығының ерекшеліктері туралы естеліктерді шығыс авторларының еңбектерінде де кездестіруге болады, мысалы, Сым Цянның «Ши-цзя» тарихи еңбегінде [3].

Шексіз жігерлілікке байланысты әр түрлі ойындар, дене жаттығулары мен ойын-сауықтар орта ғасырда да кездесті. Олар әдеттегі, күнделікті тіршілік жағдайында ғана емес, сонымен қатар, міндетті түрде дәстүрлі халық мейрамдарында пайдаланылды. Ең үлкен және көңілді мерекелердің бірі – көктемгі Наурыз мейрамы. Оны Қазақстанның барлық аумақтарында әр түрлі ойындармен, жарыстармен және әндермен қарсы алатын. Ерекше кең тараған ойындар ақборан, қалтырауық кемпір, арқан тартыс болатын. Мерзімдік еңбек үдерістерін білдіретін ерте күзем, кеш күзем, қымыз мұрындық сияқты ойындар көркем көрінетін. Олардың барлығы салт, әдет-ғұрыптардың ерекше кешенімен үйлескен. Бұл ойындар жаппай сипатта болды, жас баладан еңкейген қартқа шейінгінің барлығы қатысатын.

Қазақ халқының пайда болуымен балалар арасында пайдаланылатын дене жаттығулары мен ойындар бұдан әрі даму үстінде. Дегенмен, қазақтың қимылды және жартылай спорт ойын-сауықтары туралы сөз ете отырып, қазақтардың дене тәрбиесі туыстас халықтарға ортақ рулар мен тайпалардың мәдени жетістіктері негізінде дамығанын естен шығармаған дұрыс. Мысалы, бес тас деген танымал ойын қырғыздарда – беш таш, өзбектерде – урлага отиш, ал тәжіктерде бозии флагмон деп аталады, ойын ережелеріне қойылатын талаптары ғана өзгеше.

Қазақтың қимылды ойындары мен дене жаттығуларының түрлері мен әдістерінің құрамы әлеуметтік-экономикалық, тарихи және география-климаттық тәртіптің бірсыпыра факторларымен қамтамасыз етілген. Мысалға әлеуметтік-тарихи факторларды бейнелейтін ойындарды алайық. Өткен заманда танымал болған «Орда» ойыны нақты саналы сарында болды. Осы жөнінде этнограф А.П. Рождественский «ойын өте ертеде – хандық заманда пайда болған. Ойынның міндеті – ордадан хан әскерлерін және олармен қоса ханның өзін шығару» [4] деп дұрыс айтқан.

Өмір салтына сәйкес біртіндеп қимылды ойындар мен жартылай спорттық сипаттағы ойындар, қолданбалы сипаттағы дене жаттығулары мен жарыстар қалыптасып, оларды жүргізудің жазбаша ережелері әзірленді. Нақты мазмұндағы әр түрлі ойындар мен сауықтар күнделікті тұрмыстың негізгі

жақтарының бірін құрады және адамдардың өмірін жас шағынан бастап тізіп көрсетті.

Күнделікті тұрмыс құрылымына өте жеңіл енгізілген және өскелең ұрпақты тәрбиелеу қажеттіліктеріне жауап беретін дене тәрбиесінің түрлері мен құралдарын іріктеп, мыңдаған жылдар бойы осы ойындарды пайдалануда өз заңдары мен ұстанымдарын тудыратын халық даналығы, халық педагогикасы үлкен рөл атқарды.

Қазақ халқының өмірінде Қазақстан мен Ресейдің қосылуының маңызы зор. Алғашқы орыс қоныс аударушылары қазақ жастарының арасында кең тараған көптеген өздерінің ұлттық ойындары мен сауықтарын алып келді. Орыс жастары мен балалар ойындары отырықшы қазақ халқына ерекше үлкен ықпал етті. Олардың арасында белгілі құралдар мен нақты арнайы заттарды қолданатын ойындар кең тараған (таяқ, ағашаяқ, сырық, имек таяқ, доп және т.б.).

Бұл кезеңде орыс баспаларында қазақтың ұлттық ойындары туралы қазақ авторларының еңбектері пайда болды. Х. Кустанаевтың қызықты кітабында кейбір балалар ойынымен қатар қыз қуу және құда тартыс сияқты үйлену тойының ойындары келтірілген. Б. Мухамединов және қазақтың белгілі этнографы А. Диваевтың мақалаларына тоқталып өтуге болады [5]. Олар қазақ даласында, барлық қазақ ауылдарында кең тараған қазақ балаларының жеке ойындарын сипаттайды.

Қазақ балалары мен жасөспірімдерінің қимылды ойын-сауықтары күш, ептілік, қимылдатқыш және ойлау реакциясының шапшаңдығы және күнделікті өмірге қажетті көптеген басқа сапалардың дамуына мүмкіндік туғызды. Міне сондықтан да әдебиеттердің бірінде «қырғыздар салауатты, ұзақ өмір сүреді, күшті және мықты» деп көрсетілген [6].

Еңбек қызметі үдерістерінің негізінде пайда болған және халықтың тұрмысы мен оның тұрмыс салты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, оның психикалық пішінін және басқаларды қамтып көрсететін көптеген ұлттық қимылды ойындар осы күнге дейін өскелең ұрпақтың кәсіби еңбек қызметінде тиімді құралдардың бірі болып қала береді.

Ұлттық қимылды ойындарды экспериментті зерттеу олардың қозғалысқа өте бай екенін көрсетті: еңбектің кез келген саласының өкіліне қажетті маңызды фактор – адам денсаулығының негізін қалай отырып, шұғылданушының ағзасына жан-жақты әсер ететін жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, жүк көтеріп апару, өрмелеп шығу және т.б. қамтиды.

Ойын үдерісінде ойыншыдан әр түрлі интеллект, дене және ақыл-ойға күш салуды талап ететін алуан түрлі және тосын жағдайлар туады. Үнемі өзгеріп отыратын қимылдатқыш әрекеттер қозғалыс, жаңа шеберлік пен дағды үйлесімінің дамуына мүмкіндік туғызады. Сол мезетте қимылды ойындар сипатына байланысты сол немесе басқа физикалық немесе психикалық қасиеттің айрықша дамуының сипаты да өзгереді.

Халықтың қимылды ойындарын пайдалану қажетті спорт базасы жоқ ауылдық жерлерде тіпті тиімді. Күнделікті тұрмыстық жағдайда пайда болған және қалыптасқан ұлттық спорт ойындары арнайы құралды да, арнайы имаратты да талап етпейді. Бұл жерде бір жағдай ғана қажет – тиісті педагогикалық ұстанымдарды сақтау.

Ұлттық қимылды ойындар дене дайындығы мен қабілетті анықтайтын өлшеуіш ғана емес, сонымен қатар, өскелең ұрпақты адамгершілігі жоғары және өнегелі болуға баулитын халық педагогикасының құралы болып табылады. Бұған ойындар мен жарыстарға қатысушылардың тәртібін реттейтін ережелер қатарын сақтау арқылы қол жетті. Ойын ережелерін сақтауда әділдік, адалдық, жеңімпаздарды анықтауда әділдік, бірлестік пен өзара жәрдем көрсету өте жоғары бағаланды. Бұл ережелер мен этиканы бұзу ойындас жолдастар тарапынан айыпталады. Осылайша, халықтың қимылды ойын-сауықтары ұжымда жеке тұлғаны тәрбиелеу құралы болды.

Ұлттық қимылды ойындар халықтың салт-дәстүрімен байланысты. Дене тәрбиесінің дәстүрлері қатып қалған жоқ, үнемі қозғалыста және өзгерісте болады. Демек, нақты қолдану жағдайларына байланысты ұлттық қимылды ойындар да қозғалыста болуы тиіс.

Халықтың қимылды ойындарының түрлері мен мазмұнын талдау оның ұлттық және интернационалдық формалармен тығыз байланыс диалектикасын көрсетеді. Қимылды ойындардың ұлттық формасы – пайда болуы мен дамуы нақты ұлтқа тән, оның қоғамдық-тарихи дамуымен, тұрмыс ерекшелігімен, психикалық пішінімен және т.б. анықталған. Өз елінің шегінен тысқары тарағанда (осы ұлтқа бұл ойын ұлттық болып қалуына карамастан) халықаралық болып қалыптасады.

Ойын әрекетінің жан-жақтылығы мен тереңдігі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде таптырмайтын құралдар. Белгілі жүйеде және басқа құралдармен үйлесімде қимылды ойындарды пайдалану жеке тұлғаны тәрбиелеу тиімділігін қамтамасыз етеді. А.М. Горькийдің сөзімен айтқанда: «ойын арқылы бала дүниені таниды».

Әдебиет:

1. *Большая Советская Энциклопедия. Т. 10. – М., 1978. – С. 940.*
2. *Ахметов Н., Хайдаров Ж. Игра как процесс обучения. – Алматы, 2012. – С. 101.*
3. *Кант И. Собрание сочинений в 8 томах. Том 6. – М.: ХЛ, 1994. – С. 793.*
4. *Яковлев В.Г. Игры для детей. – М.: ФиС, 2014. – С. 158.*
5. *Яковлев В.Г. Игры для детей. – М.: ФиС, 2014. – С. 126.*
6. *Столочич Л.И. Искусство и игра. – М., 2007. – С. 216.*

УДК 547.592.12

Өмірбай Р.С., д.т.н., профессор, **Туқенова Х. Т.**, к.т.н., доцент,
Сатыбалдиева Н. К., к.т.н., ст. преподаватель КазНТУ им. К.И. Сатпаева,
г. Алматы, Республика Казахстан

МАТЕМАТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ДИСЛОКАЦИОННОЙ КАРТИНЫ ЗВУКОПОГЛОЩЕНИЯ

В статье предлагается математическая модель распределения звукового давления на срезе сплава методом конечных элементов, позволяющая решить задачу звукопоглощения и акустической эмиссии в образце. Применение математической модели позволяет дать оценку диссипативных и акустических свойств сплавов в связи с дислокационной структурой кристаллической решетки.

Ключевые слова: дислокация, звукопоглощение, диссипация, акустические свойства, звукоизлучение, звукоизоляция.

Мақалада дыбыс қысымының қортпа кесіндісінде таралуы элементтердің аяқталу әдісінің математикалық моделі ұсынылып, мұнда кесіндідегі дыбысты жұту және акустикалық эмиссия сұрақтарын шешуге мүмкіндік бар. Кристалдық тордың дислокациялық құрылымына байланысты қортпалардың акустикалық және диссипативтік қасиеттерін математикалық модельді қолдану бойынша бағалануы мүмкін.

Түйін сөздер: дислокация, дыбысты жұту, диссипация, акустикалық қасиет, дыбыс шығару, дыбысты оқшаулау.

In this paper we propose a mathematical model of the distribution of sound pressure on the cut alloy finite element method, which allows to solve the problem of sound-absorption and acoustic emission in the sample. Application of the mathematical model and allows assessment dissipative acoustic properties of alloys due to dislokatsionnoy lattice structure.

Keywords: dislocation, sound absorption, dissipation, acoustic properties, sound radiation, sound.

Звукоизлучение и звукоизоляция металлических образцов подчиняются определенной закономерности, так как с изменением частотной характеристики звукоизлучения образцов при соударении можно выделить характерные области: структурные резонансы, действия закона масс и волнового совпадения.

Для решения проблемы можно снизить амплитуды резонансных колебаний и волн совпадения путем поглощения энергии. Если образец обладает демпфирующими (диссипативными) свойствами, то при каждой деформации

образца в процессе резонансных колебаний слой будет деформироваться и поглощать энергию.

В зависимости от вида шума используют различные методики расчетов по поглощению и звукоизоляции шума. В данной диссертационной работе внимание было уделено всем видам шума, так как при работе автоматных и листовых сталей в производстве интерес представляли как взаимодействие шумовых волн с образцами, так и механизм распространения звуковых волн в самих конструкциях и последующее излучение вторичных волн в окружающее пространство. Только комплексное исследование поможет выявить всю картину акустических процессов, приводящих к возникновению промышленного шума, создаваемого стальными конструкциями.

Кроме этого, необходимо изучение диссипативных и акустических свойств сплавов в связи с дислокационной структуры кристаллической клетки с последующим излучением звуковых колебаний (акустическая эмиссия).

В связи с этим теоретических исследований модели дислокационной картины звукопоглощения, где дан расчет диссипации энергии в образце, дислокационная модель звукопоглощения в связи с акустической эмиссией звуковой энергии, а также математическая модель звукопоглощения в плоскости однородного твердого тела.

Для характеристики затухающих колебаний, используя логарифмический декремент (Δ), выведены формулы:

- зависимости логарифмического декремента от отношения периода колебания (T) ко времени затухания (τ) колебаний: $\Delta = T / \tau$;

- соотношения логарифмического декремента (Δ) системы и полной энергии (W_n) с потерей энергии (W_g) за период колебания: $W_n / W_g = 1 / \Delta$.

В создании дислокационной модели звукопоглощения исследованы дислокационные структуры кристаллов в зависимости от акустических условий. При этом выявлено, что если частота звука (Ω) больше частоты образования пары перегибов в линии дислокации (Ω_n), то возникновение перегиба не приводит к дополнительной деформации и к потерям энергии звука. Если частота звука (Ω) намного меньше линии дислокации (Ω_n), то перегибы находятся в состоянии теплового равновесия и потеря энергии звука также не происходит. Потери возникают, если частота звука (Ω) равна линии дислокации (Ω_n).

Выявлено, что акустическая эмиссия связана с движением дислокации и кинетикой разрушения в образце, т.е. возникновением сложной структуры излучаемого волнового поля, в том числе поверхностных волн и волны в пластинках.

Разработана математическая модель звукопоглощения, используемая для расчета распределения звукового давления вдоль плоскости однородного металла, с применением вариационного метода конечных элементов. Для описания периодических волновых явлений свободных колебаний было использовано уравнение Гельмгольца. Частично граница была задана условием

Дирихле, а на остальной части границы – однородное условие Неймана, на основе которого получена матрица периодического волнового явления свободных колебаний:

$$\frac{\partial \chi^e}{\partial \Phi^e} = \kappa^e \Phi^e - \lambda^2 h^e \Phi^e \quad (1)$$

Первая часть матричного уравнения (1) рассмотрена О.Н. Зенковичем при решении уравнения Лапласа. Вторая часть данного уравнения найдена в данной работе при решении 2-мерной акустической задачи. Для этого записываем уравнения Гельмгольца в виде:

$$\frac{d^2 P}{dx^2} + \frac{d^2 P}{dy^2} + \frac{\omega}{c^2} P = 0, \quad (2)$$

где κ^2 – волновое число, $\kappa^2 = \omega^2/c^2$ с граничными условиями, указанными выше.

Функционал для уравнения (1) имеет вид:

$$\chi = \frac{1}{2} \iint \left[\left(\frac{d\hat{P}}{dx} \right)^2 + \left(\frac{d\hat{P}}{dy} \right)^2 - k^2 \hat{P}^2 \right] dx dy, \quad (3)$$

где $\hat{P}(x, y)$ – функция из допустимого множества пробных функций, заданных в D.

После преобразования получили:

$$\hat{P}^{di}(x, y) = (1/2\Delta) \{ (a_i + b_i x + c_i y) \hat{P}_i + (a_j + b_j x + c_j y) \hat{P}_j + (a_m + b_m x + c_m y) \hat{P}_m \}, \quad (4)$$

$$\text{или } \hat{P}^{di} = N_i \hat{P}_i + N_j \hat{P}_j + N_m \hat{P}_m = N^d \hat{P}^d. \quad (5)$$

При этом $N^d = [N_i, N_j, N_m]$ является матрицей базисных функций, а

$$P^d = \begin{vmatrix} \hat{P}_i \\ \hat{P}_j \\ \hat{P}_m \end{vmatrix} \quad (6)$$

представляет собой вектор узловых значений.

После преобразований получили:

$$\chi^{di} = \frac{1}{8\Delta^2} \iint_{di} [(b_i \hat{P}_i + b_j \hat{P}_j + b_m \hat{P}_m)^2 + (c_i \hat{P}_i + c_j \hat{P}_j + c_m \hat{P}_m)^2] dx dy - \iint_{di} [(a_i + b_i x + c_i y) \hat{P}_i + (a_j + b_j x + c_j y) \hat{P}_j + (a_m + b_m x + c_m y) \hat{P}_m]^2 dx dy. \quad (6a)$$

При вводе обозначений:

$$A^{di} = \frac{1}{8\Delta^2} \iint_{di} [(b_i \hat{P}_i + b_j \hat{P}_j + b_m \hat{P}_m)^2 + (c_i \hat{P}_i + c_j \hat{P}_j + c_m \hat{P}_m)^2] dx dy; \quad (7)$$

$$B^{di} = \frac{1}{8\Delta^2} \iint_{di} [(a_i + b_i x + c_i y) \hat{P}_i + (a_j + b_j x + c_j y) \hat{P}_j + (a_m + b_m x + c_m y) \hat{P}_m]^2 dx dy$$

получили
$$\chi^{di} = A^{di} - k^2 B^{di}. \quad (8)$$

Для получения матричного уравнения системы, выражающего условие минимума функционала, необходимо объединить матрицы отдельных элементов. Эту матрицу построили с помощью объединений по узлам, что соответствует объединению строк элементных матриц. Произведя объединение по узлам, получили условие минимума функционалов для 2-й части уравнения (8). Полученную матрицу обозначили через L. Условие минимума для всего функционала (9) получили путем матричного сложения матриц $(1/\Delta)K$ и $\lambda^2 L$

$$\sum [(1/\Delta)K^{di} - \lambda^2 L^{di}] P^{di}. \quad (9)$$

Решение (9) производится численным методом, которое дает значение акустического давления в 36 узловых точках в плоскости разреза образца с заданными граничными условиями, где должен быть учтен фактор дислокации кристаллической структуры.

В работе была теоретически исследована зависимость между дислокационными, диссипативными и эмиссионными свойствами сплавов. Исследованная зависимость между коэффициентом звукопоглощения и типом дислокации в кристалле позволяет установить первопричину последующих акустических свойств образцов. Установлена теоретическая возможность влиять на получение заданных акустических качеств материалов, внедряя химические добавки с учетом изменения дислокационной картины.

Разработанная методом конечных элементов, математическая модель распределения звукового давления на срезе сплава, зависящего от величины дислокации кристаллической решетки материала, позволит рассчитать уровень звукового давления на рабочих местах.

Литература:

1. Омирбай Р.С. Исследование математической связи между экспериментальной и стандартной звукоизоляцией // Вестник Казахской Академии Транспорта и Коммуникаций им. М. Тынышбаева. – 2008. – № 1. – С. 232-235.

2. Омирбай Р.С. Моделирование звукоизолирующей характеристики автоматных сталей //Поиск. Научный журнал Министерства образования и науки. – 2008. – № 2. – С. 181-182.
3. Омирбай Р.С. Исследование влияния химического состава сталей на их демпфирующие свойства и акустические характеристики //Известия ВУЗов. Журнал Министерства образования и науки Кыргызской Республики. – 2007. – № 3-4. – С. 44-46.

ӘОЖ 80:811.512.1

Тәшімбаев Салтанат, ф.ғ.к., ҚазБСҚА ЖГДФ ассоц. проф.

ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨСИЕТТЕРІ

Мақалада орта ғасыр ойшылдарының рухани құндылықтары жайында айтқан өсиеттері қарастырылады.

Түйін сөздер: рухани құндылықтар, өсиет сөздер, білім, мораль, әдептілік, тәлім-тәрбие мәселесі.

В данной статье рассматриваются слова-назидания средневековых мыслителей о духовных ценностях.

Ключевые слова: духовные ценности, слова назидания, знание, мораль, вежливость, воспитание.

In this article spiritual value of medieval scholars exhortations are considered.

Keywords: spiritual values, words of edification, knowledge, moral, patience, upbringing.

Қоғам, қоршаған орта өзгермелі құбылыс. Оның өзгеруіне сыртқы және ішкі факторлар өз септігін тигізеді. Өркениетке жету жолында тіршілік иесінің санасы, көзқарасы, өмір сүру деңгейі, әдеуметтік жағдайы, танымдық жүйесі де белгілі бір тұрғыда өзгеріске түсіп отырды. Белгілі, белгісіз себептермен дүниетаным мәселелері, кейбір рухани құндылықтар ескірді, қолданыстан шықты, қайта жаңарды. Қоғамның даму барысында адам мәдени жаңару кезеңдерін басынан кешірді. Қазіргі кезеңде адамзат жүріп өткен тарихи жолдарды, олардың мәдени, рухани ұстанымдарын тану барысында түркі тілінде жазылған дастандардың тілін зерттеу өзекті. Халқымыздың дүниетанымы мен даналығы көне түркі дәуірінен бастау алады.

Жүсіп Баласағұнның қазіргі түркі тілдес халықтарының әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы, наным-сенімінен мол ақпарат беретін «Құтты білік» дастаны, Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дидактикалық сарында жазыл-

ған шығармасы, Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғани кітабындағы» адамгершілік, ғашықтық, білім, тағы басқа жайында дидактикалық өсиет өлеңдері, Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтаны» жалпы адамшылық, имандық ізгі қасиеттерді үлгі етіп, жамандықтан аулақ болуға үйретуді мақсат еткен шығармаларының қай-қайсысында арада қанша ғасыр өтседе қазіргі қоғамдағы болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты туындап жатқан мәселелерге жауап беретін құнды мұра болып табылады.

Бұл мақалада XI-XII ғасырларда жазылған дастандардың мораль, әдептілік, тәлім-тәрбие мәселесін арнайы сөз ететін тарауларына тоқталмақпыз.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» көркем шығармасында жақсылық пен жамандық, әдептілік пен дөрекілік, шындық пен өтірік, аңқаулық пен аярлық өзара қарама-қарсы қойылған. Адамдар арасындағы сыйластық, үлкеннің кішіге деген қамқорлығы тәрбие-тәлімнің басты қағидалары ретінде талданады. Ақын бұл дүниенің тез ағып өтетінін, адам тірлігінде ізгілік іс қылып жақсы атын қалдыруға ұмтылуы керек екенін ескертеді. Ғибратқа толы өлең жолдарынан мысал келтірейік.

Ізгілік пен жақсы қылық – амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады [1, 239].

Жамандық – от, от күйдіріп өтеді,
Жолын бөгер күш жоқ, күл қып кетеді [1, 241].

Әдеби шығармадан отбасы құндылықтарын сипаттайтын балалардың туған ата-аналарына, сондай-ақ әке-шешенің бауыр еті балаларына деген ізгі құрметі қандай болу керек деген толып жатқан сұрақтарға жауап табуға болады. Әке-шеше тәрбиесін бойына сіңіріп өскен ұл мен қыз бауырмал, сабырлы, инабатты, кішіпейіл болатынын сөз етеді.

Әдебиетші Н. Келімбетов аталмыш дастанға талдау жүргізе келіп Жүсіп Баласағұнның бұл өмірдегі барлық нәрседен де білімді жоғары қоятынын, ғұлама ақынның адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді тығыз байланыстырып қарайтынын, қоғамда орын алған теріс құбылыстардың өзін шайыр адамдардың білімсіздігінен, надандығынан деп түсінетінін, ақынның білімді қаншалықты жоғары бағалайтынын айта келіп дастанның «Құтты білік» деп аталуының үлкен мәні мен маңызы бар деп жоғары бағалайды [2, 266].

Түркі ғұламасы «Ақиқат сыйы» дастанында адам қалай өмір сүруі керек деген сауал қоя отырып оған өзі адам адал болуы тиіс, ақылдыдан ақыл үйреніп, білімдіден білім алып, ғұламаларды қадірлеп, сый-құрмет көрсетуі керек деп бірнеше уағыз, өсиет, өнеге айтып жауап береді. Ақын дастанның бесінші тарауында білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы сөз етеді.

Ақын адамзатқа бұл дүниеде аса көп мөлшерде мал табудың пайдасының шамалы екенін айтады. Малға мұншама көңіл қоймай киімнің барлығына, бұл дүниенің ләззаты мәңгі емес, тамақтың тоқтығына қанағат ету керектігін ескертеді.

Ахмет Йүгінеки өз дастанында жомарт адам өз еліне сыйлы, қадірлі болатынын мадақтайды. Сараңдар арам жолмен дүние-мүлік жинап оны өзге түгілі өзіне де қимай немесе ешкімге бермей бұл өмірден өткеннен кейін оның байлығын өзге адамдар үлестіріп алады деп өкініш білдіреді. Ақын бұл жағдайды өлеңмен былай өрнектейді.

250. Өмірде жақсы мінез – «жомарт» деген,
Жаман ат – «сараң», тәуір сөз ермеген.
Берген қол бәрінен де құтты болар,
Сол жаман – ала біліп, түк бермеген [1, 396].

Көркем шығармада адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттер қарама-қарсы қойылып талданады. Шайыр адамды адамгершіліктен аздыратын тағы бір жаман қылықтардың бірі – тәкаппарлық, менмендік деп атап көрсетеді. Ондай адамдарды халық та, Құдай да сүймейді. Оған қарама-қарсы кішіпейілдік, қарапайымдылық. Кішіпейіл болсаң ортада қадір-қасиетің, беделің үстем болады дейді. «Һибат-ул хақайықтан» мысал келтірейік.

265. Және бір керекті сөзім бар. Саған
266. Мен оны айтайын. Құлақ қой.
267. Ол сөз мынау. Тәкаппарлықты басыңнан шығарып
268. Кішіпейілдікті берік ұста. Одан мүлде айрылма.
269. Тәкаппарлық барлық елде жек көрінішті қылық.
270. Мінездің ең жақсысы жуас қылық [3, 46].

Дастанда ғибратты, өнегелі сөздер өте көп мөлшерде ұшырасады. Нақыл кітабында автор кісі баласына зорлық-зомбылық жасама, егер өзіңе жасалса кешірімді бол, жақсылықты екі есе жақсылықпен қайтар дейді. Ақын адамға құт, береке әкелетін мінез деп сабырлылықты дәріптейді. Қазіргі кезде де қоғамда орын алған келеңсіз жайттарға басу айтуда, ашулы адамның қаһарын басуда халық «Сабыр түбі – сары алтын» мақалын жиі қолданады. Ақындар мемлекет басшылығының елді басқарудағы адалдығы шынайы болуы керек дейді. Бұл қазақта «балық басынан шіриді» деген мақалдағы айтылған ойды толық сипаттайды.

Түркі ғұламаларының еңбектерінде адалдық, сүйіспеншілік, жақсылық, жамандық, жомарттық, сараңдық, ақыл, білім, өнерге қатысты мағыналы терең ой, көркем теңеулерді көптеп кездестіруге болады. Орта ғасыр дастандарында тұлғаның адамдық қасиетті жоғары ұстап адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған уағыз, өсиеттерінің қай ғасырда да

бағасының төмендемейтінін айта кеткіміз келеді. Бұл ойымызды түркітану зерттеушілерінің мына пікірімен қуаттай түспекпіз. Түркілер адамгершілікті тұтастықтың тірегі ретінде үлгі тұтты, батырлықты адамгершіліктің жоғары қасиеті ретінде бірауыздан бағалады, өз батырларын даңққа бөледі. Батыр болу көне түркі қоғамында ең жоғары өлшемдерді қанағаттандырады. Батылдық тұрғысынан атақты Күлтегін, Тоныкөк жазуларында татулық, бақыт, дәулет секілді рухани-этикалық нормаларға ерекше мән берілген [4, 95].

Ислам діні енгенге дейін түркітілдес елдер табиғаттың тылсым құбылысына күнге, айға табынып тұрмыс-тіршілігін жасады. Түркілік жазба әдебиеттің көркем шығармаларында исламды дәріптеу, Алланы тану және оны шексіз дәріптеу, Пайғамбарлардың хақтығын сипаттау кеңінен орын алғаны белгілі. Түркі әдебиетінің негізін қалаушылардың еңбектерінде алдымен он сегіз мың ғаламды Жаратушы Аллаға мадақ айтылады. Адам Алла тағала берген 999 жақсы қасиеттің барлығын бойында ұстап, өмір сүруі керек деген тұжырым жасайды.

Сондай шығармалардың бірі – Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғани кітабы». Бақырғани өз шығармасында ғылым мен өнерді меңгеруге үндейді. Сонымен қатар жан тазалығының бір көрінісі – сүйіспеншілік сезімі арқылы адам жанының тазаратынын өлең шумақтарында жырға қосады. Адам жаратылғанда бойындағы нәпсі құмарлығын ішіп-жеу, сайран салу, алтын-күміс жинау сияқты жаман қасиеттерді Жаратқанның жолын таңдап, адам бойындағы ең асыл қасиет – қанағат сезімімен жеңдіруге тиіс дейді. Бұндай ғибратқа толы сөздерді қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінен кездестіреміз. Абай да адамдарды бес жаман нәрседен қашып, бес асыл іс қылуға шақырады. Әр ғасыр ақындарының өлең жолдарынан рухани байланысты көруге болады.

Түркі ойшылдарының уағыз, нақыл кітаптарындағы жазылған өнегесіеттері сол дәуірден бастап қазіргі заманға дейін адам баласының әлеуметтік жағдайына қатысты мәселерді оңды шешуге өз септігін тигізеді деп ойлаймыз. Себебі ғұламалар оқырманға үнемі ақыл-кеңес беріп отырады. Қазіргі техниканың шарықтап дамыған заманында, ғаламтордың шырғауына түсіп, батыстық сипаттағы теріс бағыттағы тәрбиенің жетегінде кетіп, жолын таппай жүргендерге бұл асыл мұралардың берері көп-ақ.

«Құтты біліктен» екі ғасыр кейін жазылған «Ақиқат сыйы» авторларының, бұлардан бұрын дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің, ХІХ ғасыр өкілі қазақтың ұлы ақыны Абайдың адамның өмір сүру формасындағы жақсы қасиеттерге білім арқылы жетуге болатыны туралы айтқан насихаттарының қайнар көзі – Құранды толық меңгеруінде деп білеміз. Ұлы ғұламалардың арасындағы сабақтастық, үндестіктің болуы Құран сөзінің хақтығында, өзгермейтін қағидасында. Түркі шайырлары, ойшылдары ислам дінін мемлекет басқарушылардан бастап қарапайым халыққа дейінгі қоғам мүшелеріне өз дәуіріндегі қоғамдағы қалыптасқан, орныққан салт-дәстүр, наным-сенім қағидаларымен байланыстырып түсінікті, айшықты етіп жеткізе білген.

Әдебиет:

1. *Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005. – 528 б.*
2. *Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Паритет, 2011. – 432 б.*
3. *Сағындықұлы Б. «һибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші: Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің (XI-XII ғғ.) тілі» арнаулы курсының оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.*
4. *Қазақтың халық философиясы. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.*

УДК 004.021

Уқубасова Г.С., Ph.D, к.э.н., проф. НЭУ им. Т. Рыскулова

Закирова Л.З., ассистент проф. КазГАСА

Регинбаева Н.А., ст. преп. ВИИРиЭС

**КӘСПОРЫНДАРДАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
ТӘСІЛДЕРІ**

Мақалада қазіргі заманғы шарттарға байланысты Қазақстандағы сақтандыру компанияларына есептеу-талдау үдерісіне математикалық модельді қолдану әдістемесі қарастырылады.

Түйін сөздер: *математикалық модель, нетто-жүктеме, сақтандыру тарифы, вариация коэффициенті.*

В данной статье рассматривается методика использования математических моделей для наиболее эффективного ведения учетно-аналитического процесса в страховых компаниях Казахстана в современных условиях.

Ключевые слова: *математическая модель, нетто-ставка, страховой тариф, коэффициент вариации.*

This article describes a technique of use of mathematical models for the most effective management of accounting and analytical process in insurance companies in Kazakhstan today.

Keywords: *mathematical model, netto-rate, insurance tariff, coefficient of variation.*

Кез келген салада есептеу техникасы мен математикалық зерттеу тәсілдерін қолдануда алдымен зерттелетін құбылыстың математикалық моделін құрастыру қажет. Математикалық модель деп есептің мақсаты мен шарттарына сәйкес құрастырылған оның негізгі параметрлерін байланыс-

тыратын математикалық формулардың (теңдеулер, теңсіздіктер, интегралдар және т.б.) жиынын атаймыз.

Сақтандыру моделін қарастырайық. Сақтандырушының күтіліп отырған мақсаттық функциясының мәні келесідей:

$$Ef = H - c - v - r + p [(1 + \xi) h - Q] \quad (1)$$

Мұндағы H – сақтандырушының шаруашылық қызметінен келіп түскен табысы (кіріс), c – осы қызметке жұмсалған шығыны, v – ескертілген іс-шаралар жүргізуге арналған шығыны, r – сақтандыру жарнасы, h – сақтандыру өтеуі, p – болатын сақтандыру оқиғасының ықтималдығы, ξ – коэффициент, сақтандырушының қауіп-қатерге қатынасын көрсетуі, Q – сақтандыру оқиғасы болған жағдайдағы жоғалту шығыны [1]. Сақтандырушының күтіліп отырған мақсаттық функциясының мәні: $EF = r - p h$, ал сақтандыру тарифы нетто-ставка сомасы ретінде анықталады және нетто-жүктемесіне, оны ξ_0 деп белгілеп (мұнда ескерте кететін жәйт, нетто-жүктемесі тәуекелділік үстемені қосады, коммерциялық үстемені және ескертілетін үстеме), яғни,

$$r = (p + \xi_0) h \quad (2)$$

Сақтандырушы үшін сақтандыру пайдасының шарты келесідей:

$$r \leq p (1 + \xi) h \quad (3)$$

Сақтандырушы үшін:

$$r \geq p h \quad (4)$$

«моральдық тәуекел» шарты (сақтандыру оқиғасының болған жағдайдағы мүддесі):

$$(1 + \xi) h \leq Q \quad (5)$$

(2)-(4) шарттарын біріктіруде, төмендегіні аламыз:

$$0 \leq \xi_0 \leq p\xi \quad (6)$$

